



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 30 наурыз

2017 жылғы 4-тоқсандағы Қазақстанның сыртқы борышындағы өзгерістер туралы

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша **Қазақстанның сыртқы борышы** 167,5 млрд. АҚШ долларын, ал сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қатынасы 105,9%-ды құрады (кезеңде 2,9%-ға ұлғайды).

Сыртқы борыштың құрылымында бұрынғыша, 62%-ы фирмааралық берешекке, 26%-ы «Басқа секторлардың» байланысты емес кредиторлар алдындағы сыртқы борышына, 8%-ы мемлекеттік сыртқы борышқа (Үкімет және Ұлттық Банк), 4%-ы «Банктер» секторының (ЕДБ және «Қазақстанның Даму банкі» АҚ) сыртқы міндеттемелеріне тиесілі.

2017 жылғы 4-тоқсанда елдің сыртқы борышы 1,4 млрд. АҚШ долларына, негізінен:

- ірі өндіруші компаниялардың тікелей инвесторларына бұрын есептелген дивидендтерді төлеу;
- кәсіпорындардың тел компаниялардан алған сыртқы қарыздарды өтеуі есебінен қысқарды.

Талдау жасау мақсатында сыртқы борыштың құрылымында **мемлекет бақылайтын ұйымдардың** (банктер және мемлекеттік сектор тікелей немесе жанама түрде 50%-дан астам капиталға қатысу үлесін иеленетін ұйымдар) **сыртқы борышы** жеке атап өтіледі.

Мемлекет бақылайтын ұйымдардың сыртқы борышы 27,4 млрд. АҚШ долларын құрады. 2017 жылғы 4-тоқсанда 1,0 млрд. АҚШ долларына ұлғаю сондай-ақ:

- «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-тың теңгеге деноминирленген еурооблигацияларды 100 млрд. теңге көлемде дебюттік шығаруы;
- Қытай банктерінің Қазақстанның аумағында автомобиль жолдары желілерінің және Атырау облысында полипропилен өндіру зауытының құрылысын қаржыландыруды бастауы есебінен болды.

Қазақстан Республикасының таза сыртқы борышы 2017 жылғы 4-тоқсанда 2,0 млрд. АҚШ долларына ұлғая отырып, 45,7 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл ретте мемлекеттік сектор және «Банктер» секторы қалған әлемге қатысты таза кредиторлар ретінде болады, ал «Басқа секторлар» таза қарыз алушылар болып табылады.

Анықтама үшін:

Фирмааралық берешек тікелей инвесторлар, еншілес және тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелерді білдіреді және 2017 жылғы 4-тоқсанның соңында Қазақстанның аумағында ірі мұнайгаз жобаларын іске асыратын шетел компанияларының сыртқы борышының 64%-ын құрайды.

Таза сыртқы борыш борыштық құралдар бойынша сыртқы активтерді шегере отырып борыштық құралдар (сыртқы борыш) бойынша сыртқы міндеттемелерді білдіреді. Борыштық құралдарға несиелер мен қарыздар, сауда кредиттері мен аванстар, қолма-қол валюта мен депозиттер, арнайы қарыз алу құқықтары және басқа да талаптар/міндеттемелер жатады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz